

Жобаның қысқаша мәліметі

Атауы	AP19675718 «Ясауи мұрасына жаңа көзқарас: қазақ дәстүрі мен Орталық Азиядағы сопылық тарихындағы әулие феноменін кешенді зерделеу»
Өзектілігі	<p>Қазақ мұсылмандық дәстүрінің аса маңызды маркері әулиеге тағым ету болып табылады. Жобада сакралды тарихты зерттеуде тұлғаның жұмбақ бейнесі тасада қалып, негізгі акцент материалдық-кітаби мұрага жасалып келгенін ескеріп әулие феноменін жаңа тұжырымдамалық негізде, пәнаралық әдістеме бойынша зерделеу жоспарлануы оның өзектілігін көрсетеді. Ясауилік сопылық Сана туралы ілімнің қазіргі заманғы дискурсына кіріктірілетін болады. Жобада Орталық Азия факторы, Өзбекстанмен мәдени байланыстар көрініс табады. Жоба аясында алғаш рет ғылыми негізде әйел діндарлығы, әулие аналар тақырыбы зерттеледі. Ясаутанудың «ақ таңдақтары» ашылып, агиография мәліметтері толықтырылады.</p>
Мақсаты	Ясауи мұрасын реинтерпретациялау арнасында әулие феноменін қазақ дәстүрі мен Орталық Азиядағы сопылық тарихы аясында кешенді зерделеу.
Міндеттері	<ol style="list-style-type: none"> 1. Жергілікті исламдағы киелі тұлғаларды құрметтеу дәстүрі қалыптасуының тарихи алғышарттарын және оның әр кезеңдердегі ерекшеліктерін, оның қалыптасуындағы сопылықтың (<i>masauuф</i>) ролін, қазақтардың этномәдениеті, қожалар, шежірелермен байланысы мәселелерін зерттеу; 2. Исламтану мен түркітанудың жаңа үрдістерін, түрлі көзқарастарды салыстыру мен интеграциялау арнасында «әулиелерге табынудың» (дұрысы: тағым ету) мазмұнын шаманизм емес, дәстүрлі түркі-ханафілік исламның индикаторы ретінде анағұрлым тереңірек қарастыру және теориялық тұргыдан қайта интерпретациялау; 3. «Әулие», «кие», «аруақ», «кәміл адам» және т.б. категориялар мен терминдерді анықтай отырып, Ясауи тұлғасы мен көптеген рухани аскеттерді киелендірудің теологиялық, психологиялық алғышарттарын негіздеу; 4. Белгіленген әдістерге байланысты жергілікті исламның қаһармандары, әулие әйелдер туралы тарихи-этнографиялық ақпаратты киелі географиямен, қазақ фольклорымен және көшпендердің дүниетанымымен тығыз байланыста талдау; 5. Орталық Азияның ортағасырлық сопылық агиографиясын, «тазкира» (әулиелер өмірі) жанрындағы парсы және түркітілдес шығармаларды әулие бейнесін қайта жаңғырту, өзін-өзі жетілдіру, сопылық эзотеризм мәселелері тұргысынан зерделеу; 6. Қазақстанның әсіресе онтүстік өнірлерінің және шектес өнірлердің, ең алдымен Өзбекстанның зиярат объектілері туралы мәліметтерді әулиелер, ишандар тұргысынан жүйелеу, бұл жергілікті исламның ерекшеліктерін және оның өнір халықтарының интеграциясындағы рөлін нақтылауга мүмкіндік береді;

	<p>7. Діни зиарат объектілерінің (мешіт, мазарлар, ұнгірлер және т.б.) белгілі бір киелі тұлғамен (немесе әулиелер қауымдастыры) байланыстылығын нақтылау. Осыған байланысты зиарат, зікір рәсімдері, аскеттік тәжірибе ерекшеліктерін, сопылардың табигатқа қатынасын, елдің әлеуметтік процестеріне ықпалын, киелі адамдардың кітаби-жазбаша мұрасын зерттеу;</p> <p>8. Әртүрлі дәуірлердегі әулиелер, соның ішінде ишандар, дәруіштер, пірлер, дуаналар, бақсылар (бахши) туралы далалық этнографиялық зерттеулердің, архивтік және теологиялық дереккөздердің жаңа материалдарын ғылыми айналымға енгізу, соның ішінде, әсіресе емшілік тәжірибесіне, оның құпияларына, тәрбие мен білім беру ерекшеліктеріне, адам психикасының бейсаналы салаларын игеру тәжірибесіне, сананың ерекше ахуалына қол жеткізуге, дарынды дамытуды зерделеуге баса назар аудару;</p> <p>9. Жоғарыда көрсетілген міндеттерді іске асыру, ғылыми деректерді қорыту және синтездеу негізінде Әулие феноменінің неғұрлым толық және қазіргі заманғы түсінігін тұжырымдау. Ясауизмді тұлғаның рухани трансформациясы (өзгеріске түсү), өзін-өзі ашу жолдары, холистік дүниетанымға қол жеткізуі туралы қазіргі заманғы пәнаралық ғылыми жүйеге интеграциялау.</p>
Күтілетін және қол жеткізілген нәтижелер	<p>Жобаны іске асыру әулие феномені туралы заманауи білімді ұсынуға, Ясауи мұрасын жаңа ғылыми-философиялық білім жүйесіне кіріктіруге мүмкіндік береді. Атап айқанда, әулиені қастерлеу ғұрпының генезисі анықталады, тасаууфты (сопылық) қазак этномәдениеті, қожалармен, қазақ шежірелерімен байланыстарды ескере отырып, зерттеу объектісінің тұтас, жергілікті діни дәстүрге сәйкес көрінісі ұсынылады; -кенестік, посткенестік теорияларды, заманауи исламдық дискурсты сыни қайта ойластыру арқылы әулиелікті мұсылмандық-сопылық маркер ретінде бірегейлендірудің негізгі тәсілдері айқындалатын болады, бұл қазақтарды исламдандыру тұжырымдамасын нақтылауга ықпал етеді; рухани тәжірибелер эволюциясы мен киелі нысандар тарихы контексінде Ясауи, Бахауддин, Мәшіһүр-Жүсіп және басқа да әулиелер тұлғасының сакралдануы көрініс табатын болады; әулиеге көзқарас тұрғысынан араб, парсы, шағатай тілдеріндегі агиографиялық және басқа да жазба дереккөздері зерттеліп, жаңа мәліметтер мен фактілер ғылыми айналымға енгізіледі. Орталық Азия тарихындағы сопылық тәжірибелерді пәнаралық тәсілмен қалпына келтіру жүзеге асырылады; әулие аналар туралы аңыздар мен мифтердің тууы зерттеледі; әртүрлі дәуірлердегі әулие, ишандар тарихы негізінде сопылық және сопылықта жақын медицина, тәрбиелеу мен оқыту, саяхаттаудың құпиялары заманауи тұрғыдан зерттеледі.</p> <p>Нәтижелері Scopus базасындағы CiteScore бойынша кемінде 35 (отыз бес) процентильге ие рецензияланатын</p>

	<p>журналда 1 (бір) жарияланым және ФЖБССҚҚ ұсынған басылымдардағы 3 мақала, ұжымдық монография, оку құралында көрсетілетін болады.</p> <p>Бүгінгі таңда 1 (бір) оку құралы баспадан шығарылды. ФЖБССҚҚ ұсынған басылымдарда 3 ғылыми мақала жарияланды. Халықаралық ғылыми конференция жинақтарында 3 ғылыми мақала баспадан шығарылды. Scopus базасындағы журналға мақала және ұжымдық монография ағымдағы жылдың 3-тоқсанында шығады деп жоспарланып отыр.</p>
Зерттеу тобы мүшелерінің аты-жөні, олардың идентификаторлары (Scopus Author ID, Researcher ID, ORCID, бар болса) және сәйкес профильдерге сілтемелері	<ol style="list-style-type: none"> Нуртазина Назира Даутбековна – жоба жетекшісі, тарих ғылымдарының докторы, доцент. Хирша индексі - 2 https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=55835604400; ORCID https://orcid.org/0000-0001-9322-8968 Кенжетаев Досай Тұрсынбаевич, философия ғылымдарының докторы, PhD (теология), профессор, философия ғылымдарының докторы, PhD (теология), профессор. https://orcid.org/0000-0003-0507-1011 Қыдыр Төреәлі Еділбайұлы – ф.ғ.к., доцент. Индекс Хирша-2. https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57216896393 Scopus Author ID 57216896393; ORCID 0000-0001-9549-256X <p><u>PULONS U-2221-2017</u> <u>Web of Science U-2221-2017</u></p> <ol style="list-style-type: none"> Азмуханова Айман Махсотовна- тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор. Индекс Хирша-4 Scopus ID: 57192914101 https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57192914101 ORCID https://orcid.org/0000-0001-9535-7851 Картабаева Ерке Тамабековна, Кандидат тарих ғылымдарының кандидаты, доцент. Хирша индекс-1 https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=56227357400; ORCID https://orcid.org/0000-0002-2565-1876 Дауытбекова Маржан Канатбековна- тарих ғылымдарының кандидаты. Индекс Хирша-2. Scopus ID: 57189622991 https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57189622991 ORCID https://orcid.org/0000-0002-4058-1984 Әкімбек Жәнібек Алтынбекұлы - PhD докторант https://orcid.org/0000-0001-5757-4687 Моллаканагатулы Сайпулла- PhD докторант Аманжолова Айнаш Қасымқызы-магистрант Илгідаева Сымбат Мошыновна- PhD докторант

<p>Басылымдар тізімі және олардың сілтемелері</p>	<p>Oқу құралы</p> <p>Нуртазина Н. «Исламизация средневекового Казахстана и роль суфизма». Алматы: Smart University Press, 2023, 262-беттік оқу құралы жарық көрді (16,3 б.т.). Авторлық қуәлік алынды. https://drive.google.com/file/d/1_S15p_asJx2faMnlngb7wlcEpR3SwnVX/view?usp=sharing</p> <p>FЖБССКК ұсынған басылымдарда жарияланған ғылыми мақалалар тізімі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1 Картабаева Е.Т., Нуртазина Н.Д., Касимбекова М. Қазак мұсылмандық дәстүріндегі әулие-иshanдар // ҚазҰУ Хабаршысы. 2024. № 1. Б.149-164./ https://bulletin-history.kaznu.kz/index.php/1-history/article/view/1815 2 Нуртазина Н.Д., Картабаева Е.Т., Дауытбекова М.К. Наследие казахских ишанов и святых целителей: новые подходы и перспективы изучения в контексте мусульманско-суфийской традиции Центральной Азии // Электронный научный журнал «edu.e-history.kz». 2024. Т. 11. №3. С. 541–557. (орысша). DOI: 10.51943/2710-3994_2024_11_3_541-557 https://edu.e-history.kz/index.php/history/article/view/1184 3 Азмуханова А.М., Эгамбердиев М.Ш. Қазақстанныңбатыс аймақтарының әулие тұлғаларымен байланысты сакралды қеңістіктері: мәдени мұра, рухани бірегейлік мәселелер // Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы, 2025. №1. С. 268-288. https://drive.google.com/file/d/1D-KD-8co3p1qeofuhADjm6uPm6cNOWp1/view?usp=sharing <p>Халықаралық ғылыми конференция материалдарында жарияланған мақалалар тізімі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1 Әкімбек Ж. Суфизм, наследие Ясави и туркестанские ишаны в трудах краеведа Н.С. Лыкошина // «Тарих ғылымындағы өзекті мәселелер археология, этнология және музеология контекстінде» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. Алматы, 17 мамыр, 2024 жыл. Б.257-260. https://drive.google.com/file/d/1BOKDgZhgx578oORdGtIr3ToI61qSwls/view?usp=sharing 2 Нұртазина Н. Сопылық және әйел: қазақ дәстүрінде әулие аналарды қастерлеудін рухани бастаулары // «Ғасыр данасы – Қожа Ахмет Ясауи» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция жинағы. Түркістан, 2024.Б. 304-311 https://drive.google.com/file/d/1HXRTt7vhSADoEOkOkiTEQmwGnD4SLK9O/view?usp=sharing 3 Нуртазина Н.Д. Из истории суфийского целительства: Юлдаш-ишан Зайнутдинов (1908-1995) // «Қазіргі кезеңдегі отандық тарих ғылымының дамуы және оның бағыттары» тақырыбында «III Дулатова оқулары» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. А., 31 қаңтар, 2025 жыл. https://drive.google.com/file/d/1-wFSdaQPLQlzxQRXvNUEHiL_hfsBBUD/view?usp=sharing
---	---

Патенттер туралы ақпарат

Авторлық құқық қуәлігі №39447 от 05. 10.2023 г.
Исламизация средневекового Казахстана и роль суфизма (Оқу
құралы, орыс тілінде).